

Өзара ынтымақтастық туралы МЕМОРАНДУМ

24 май 2022

Нұр-Сұлтан қаласы

«Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі» мемлекеттік мекемесі атынан Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі – Нұрбек Саясат бір жағынан және «ЖАҢАРУ» сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі атынан Төраға – Семғалиев Мәлс Зайноллаұлы екінші жағынан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар:

- мемлекеттің сыйбайлас жемқорлық көріністерінің барлық нысандарымен ымырасыз күрес жөніндегі саясатын жан-жақты қолдай отырып;
- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі қауіп тәндіретін сыйбайлас жемқорлық сын-қатерлеріне аландай отырып;
- жаһандық сыйбайлас жемқорлық қатерлерін еңсеру үшін республика азаматтарының белсенді қатысуы қажет екенін ескере отырып;
- Қазақстан Республикасында адами капиталды тиімді дамытудың маңыздылығын мойындей отырып;
- сыйбайлас жемқорлықтың жағдайлары мен себептерін жоятын демократиялық институттарды нығайту мен дамытуға бағытталған құқықтық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық шаралардың біртұтас жүйесін қалыптастыруға белсенді түрде жәрдемдесуге дайын бола отырып, төмендегіше осы Меморандумды жасасты:

1 бап

Осы Меморандумның мақсаттары:

- а) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде күшжігерді біріктіру;
- б) азаматтардың сыйбайлас жемқорлықты жоюға бағытталған іс-шараларға белсенді қатысуы;
- в) қазақстандық қоғамның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудың өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты күшейту.

2 бап

Тараптар, мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып:

- бірыңғай мемлекеттік сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізуға қатысады;

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қуресте өзара қызығушылық тудыратын ақпаратпен жедел алмасуға жәрдемдеседі;
- қоғамда әлеуметтік әділдікті бекітуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кедергілерді немесе азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтарын шектеуді алып тастауға ықпал етеді;
- мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мәнін ашатын мақсатты ақпараттық-үгіт жұмыстарын жүргізеді;
- сыйбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне және басқа да қоғамға қарсы құбылыстарға тәзбеушілік атмосферасын құруға ықпал ететін іс-шаралар өткізеді;
- белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға қатысады;
- жұмыстың басқа да біріктірілген нысандары мен әдістерін әзірлейді.

3 бап

Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар:

- еліміздің жас үрпағын Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын құрметтеу рухында тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар өткізу;
- Тараптарға жүктелген міндеттерді орындау мақсатында бірлескен бағдарламалар өзірлеу, жұмыс топтарын құру;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша түрлі іс-шараларға, конференцияларға және зерттеулерге қатысу;
- сыйбайлас жемқорлықты әлеуметтік құбылыс ретінде жоюға бағытталған бастамаларды қалыптастыруға және ілгерілетуге белсенді жәрдемдесу;
- заманауи технологиялар мен инновацияларды қолдана отырып, жобаларды іске асыру;
- осы Меморандумның мақсаттары мен міндеттерінен туындайтын ақпаратпен алмасады.


4 бап

1. Меморандум қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.
2. Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тараптардың жазбаша келісімімен ғана жүргізіледі.
3. Осы Меморандум тараптарға қаржылық міндеттемелерді жүктемейді.
4. Бірінші тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы Меморандумнан шыға алады және мұндай хабарлама екінші Тарапқа жіберілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң кері қайтарып алынған болып есептелінеді.
5. Осы Меморандум мемлекеттік және орыс тілдерінде әр тарапқа бір көшірмeden екі данадан жасалды.

**«Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрлігі» мемлекеттік
mekemesi**

**«ЖАҢАРУ» сыйбайлас
жемқорлықта қарсы
жалпыұлттық қозғалысы»
республикалық қоғамдық
бірлестігі**

**Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі**



С.Нұрбек

**«ЖАҢАРУ» сыйбайлас
жемқорлықта қарсы
жалпыұлттық қозғалысы»
Төрағасы**

М. Семғалиев

